



SONY[®]

DualSense™ зарядтау станцияс

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

CFI-ZDS1

7033880

Пайдаланбастан бұрын

Өнімді пайдалану алдында осы нұсқаулықты және үйлесімді жабдық бойынша барлық нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз. Нұсқауларды алда пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Сақтық шаралары

Қауіпсіздік

- Тек өніммен бірге жеткізілген айнымалы ток адаптері мен айнымалы ток сымын пайдаланыңыз. Басқа түрлер өртке, ток соғуға немесе дұрыс жұмыс істемеуге себепші болуы мүмкін.
- Айнымалы ток сымын кернеу трансформаторына немесе инверторына жалғамаңыз. Айнымалы ток сымын шетелге сапар шегу кезінде кернеу трансформаторына жалғау немесе автокөлікте қолдану үшін инверторға жалғау айнымалы ток адаптерінде қызудың жинақталуына және күйікке немесе жұмыстың бұзылуына себеп болуы мүмкін.
- Тазалау алдында немесе өнімді ұзақ уақыт пайдаланбау керек кезде айнымалы ток сымын розеткадан ажыратыңыз.
- Осы өнімді кішкене балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Кішкентай балалар кішкентай бөлшектерді жұтып қоюлары немесе кабельдерге оралып қалулары мүмкін, бұл жарақат алу, апатқа ұшырау немесе бұзылу қаупін тудыруы келуі мүмкін.

Пайдалану және ұстау

- Сымынан ұстап, зарядтау станциясын, айнымалы ток адаптерін немесе айнымалы ток сымын бұлғамаңыз.
- Сұйықтықтың немесе кішкентай бөлшектердің өнімге кіруіне жол бермеңіз. Бұл орын алса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және розеткадан ажыратыңыз.
- Өнімді ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Өнімді лақтырмаңыз немесе тастамаңыз, не болмаса оған қатты соққы тигізбеңіз.
- Өнімде тұрмаңыз немесе үстіне заттар қоймаңыз.
- Порттарға тимеңіз немесе өнімге ешқандай заттарды салмаңыз.
- Басқа ешбір металл заттардың коннекторларға тиюіне жол бермеңіз.
- Коннекторларда шаң бөлшектері немесе бөгде заттар болса, жалғастыру алдында оларды құрғақ шүберекпен кетіріңіз.
- Өнімді ешқашан бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз.
- Бұл өнімді тұрақсыз бетке қоймаңыз немесе еденде қалдырмаңыз.
- Тасымалдау өндірушінің түпнұсқалық қаптамасында орындалады.

Тазалау

Өнімнің сыртқы бетін зақымдалудан немесе түсін жоғалтудан сақтау үшін төменде көрсетілген нұсқаулықтарды орындаңыз.

- Жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Инсектицидтерді немесе басқа ұшпа заттарды қолданбаңыз.

- Өнімнің сыртқы бетіне ұзақ уақытқа резеңке немесе винилден жасалған материалдарды қоймаңыз.
- Ерітінділерді немесе басқа химиялық заттарды пайдаланбаңыз. Химиялық жолмен өңделген тазалау шүберегімен сүртпеңіз.

Сақтау жағдайлары

- Пайдалану, тасымалдау және сақтау кезінде өнімді жоғары температуралардың, жоғары ылғалдықтың немесе тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Өнімді терезелері жабық машинаның ішінде, әсіресе күн ыстық болғанда қалдырмаңыз.
- Өнімді шаңда, түтінде немесе найзағайда қалдырмаңыз.
- Өнімдерді бірегей қаптамасында, қышқылдар мен сілтілерден алыс қараңғы, құрғақ, таза, жақсы желдетілетін жерде сақтау керек.

КЕПІЛДІК


Осы өнімге сатып алу күнінен бастап 12 ай бойы өндіруші кепілдігінің шарттары қолданылады. Толық ақпарат алу үшін PlayStation®5 жинағымен бірге берілетін кепілдікті қараңыз.

Зарядтау

KZ


- 1 Жинақтағы айнымалы ток сымын айнымалы ток адаптеріне қосыңыз. Содан кейін айнымалы ток адаптерін зарядтау станциясындағы DC IN коннекторына қосыңыз.

Айнымалы ток сымын электр көзіне қосу алдында барлық қосылымдарды орнатыңыз.



2 Бір немесе екі сымсыз басқару құралын зарядтау станциясына тіркеңіз.

Басқару құралындағы зарядтау түйіспелерін зарядтау станциясындағы зарядтау коннекторымен туралаңыз. Басқару құралын «шырт» еткенше төмен қарай басыңыз. Басқару құралы зарядталып жатқанда, басқару құралындағы жарық жолағы баяу жыпылықтайды. Басқару құралы зарядталып біткенде жарық жолағы өшеді.



Басқару құралын шығару үшін

Алу үшін басқару құралын зарядтау станциясынан көтеріңіз.

Зарядтау уақыты

Батареяда заряд қалмағанда басқару құралдарының біреуін немесе екеуін де зарядтау шамамен 3 сағат кетеді.

Сипаттамалары

Бағалар

- Зарядтау станциясы Енгізу 5,1 В =
 - Айнымалы ток адаптері Енгізу 100-240 В ~ 0,4 А
50/60 Гц
Шығару 5,1 В = 2,8 А
- Сыртқы өлшемдері
(биіктігі × ені × қалыңдығы) Шамамен 52 × 62 × 159 мм
- Салмағы Шамамен 180 г
- Жұмыс ортасының температурасы 5 °С ден 35 °С
- Өндіруші ел Қытай

Дизайны мен техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі.

Өнімді шығарған немесе оның атынан дайындаған: Сони Интерэктив Энтертейнмент Инк, Мекен-жайы: 1-7-1 Конан, Минато-ку, Токио 108-0075, Жапония.

Кеден одағы жеріндегі шетелден әкелуші- «Сони Электроникс» ЖАҚ, Ресей, 123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе көшесі, 6. Қазақстан Республикасы жерінде тұтынушылардан кінәрат-талаптар қабылдайтын ұйым АО «Сони Электроникс» Представительство в Казахстане, 050059, Алматы, улица Иванилова, д. 58, 050059 Алматы қаласы, Иванилов көшесі, 58 үй.

Дайындалған күні бұйымның орамында немесе өнім заттаңбасындағы P/D белгісінің жанында келесі форматта көрсетілген: P/D: MM.YYYY, мұндағы MM- дайындалған айы, YYYY- жылы.

Сатуды күшінде тұрған заң талаптарына сәйкес жүзеге асыру керек.

Қызмет мерзімі біткен бұйымды күшінде тұрған заң талаптарына сәйкес залалсыз кәдеге асыру керек.

“PS”, “PlayStation”, “PlayStation Shapes Logo” and “DualSense” are registered trademarks or trademarks of Sony Interactive Entertainment Inc.

“SONY” and “ Sony Interactive Entertainment” are registered trademarks or trademarks of Sony Corporation.



Sony
Interactive
Entertainment

EAC

© 2020 Sony Interactive Entertainment Europe Limited. All rights reserved.